Дисконт сомасына ұлғайту (13-ескертпе)	5.549	806	–	88	6.443
Кезеңдегі резерв	15.096	1.815	696	1.532	19.139
Қалпына келтіру	(71)	–	(1.112)	(608)	(1.791)
Резервті пайдалану	(45)	(1.129)	(217)	(2.784)	(4.175)
2022 жылғы 30 маусымға резерв (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)	172.419	73.316	9.981	5.115	260.831
2023 жылғы 1 қаңтарға резерв (аудит жүргізілген)	128.828	81.353	10.923	47.725	268.829
Есептілік валютасын қайта есептеу	(1.063)	(1.325)	1	(375)	(2.762)
Бағалаудағы өзгеріс	177	(524)	–	(58)	(405)
Дисконт сомасына ұлғайту (13-ескертпе)	5.207	891	–	80	6.178
Кезеңдегі резерв (25-ескертпе)	863	–	67	19.004	19.934
Қалпына келтіру (27-ескертпе)	(36)	–	–	(28.307)	(28.343)
Резервті пайдалану	(137)	(1.541)	(12)	(1.114)	(2.804)
2023 жылғы 30 маусымға резерв (аудит жүргізілмеген)	133.839	78.854	10.979	36.955	260.627

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша өзге резервтер негізінен Орал қаласында Көпфункционалды спорттық сауықтыру кешенін (бұдан әрі - Спорт кешені) салу бойынша 17.925 миллион теңге мөлшеріндегі міндеттемелерді қамтиды (25-ескертпе).

Ағымдағы және ұзақ мерзімді бөліктер былайша бөлінген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Активтердің шығуы бойынша міндетте- мелер	Экологиялық міндеттеме	Салықтар бойынша резерв	Басқалары	Жиыны
Ағымдағы бөлік	1.742	5.540	10.979	10.694	28.955
Ұзақ мерзімді бөлік	132.097	73.314	–	26.261	231.672
2023 жылғы 30 маусымға резерв (аудит жүргізілмеген)	133.839	78.854	10.979	36.955	260.627
Ағымдағы бөлік	672	4.880	9.981	2.996	18.529
Ұзақ мерзімді бөлік	171.747	68.436	–	2.119	242.302
2022 жылғы 30 маусымға резерв (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)	172.419	73.316	9.981	5.115	260.831

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТпелер (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****23. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС
МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
Сауда кредиторлық берешек	586.768	564.906
Басқа да қаржылық міндеттемелер		
Қызметкерлердің алдындағы берешек	78.806	67.073
Басқа да кредиторлық берешек	19.495	32.048
Опционды орындау үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек (4 және 25-ескертпе)	–	164.937
Туынды қаржы құралдары	–	1.598
Басқалары	37.679	33.141
	135.980	298.797
Қысқа мерзімді бөлік	120.644	283.717
Ұзақ мерзімді бөлік	15.336	15.080
	135.980	298.797
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер		
Шарттық міндеттемелер	150.514	117.817
Басқалары	14.170	16.876
	164.684	134.693
Қысқа мерзімді бөлік	125.853	93.145
Ұзақ мерзімді бөлік	38.831	41.548
	164.684	134.693

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
АҚШ доллары	410.162	322.797
Теңге	88.857	127.663
Румын леясы	76.644	72.676
Еуро	4.528	34.638
Басқа валюталар	6.577	7.132
Жиыны	586.768	564.906

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек және басқа да қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздар есептелген жоқ.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТпелер (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**23. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Туынды қаржы құралдары**

Топ шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату кезінде баға тәуекелдерін басқару мақсатында әртүрлі тауарлық туынды құралдарды пайдаланады.

Қаржылық жағдай туралы есеп:

	2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
Туынды қаржы активтері (басқа қаржы активтерінде)	201	681
Туынды қаржылық міндеттемелер	–	(1.598)
Туынды қаржы активтері/(міндеттемелері), нетто	201	(917)

Жиынтық кіріс туралы есеп:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан жұмсалған шығындар – өндірістік шығыстарда (8-ескертуге)	453	78.908

Төменде туынды қаржы активтерінің/(міндеттемелердің) қозғалысы келтірілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)
1 қаңтарға сальдо (аудит жүргізілген)	(917)	8.838
Хеджирлеу резерві	988	(37.120)
Қорлар	108	2.483
Есептілік валютасын қайта есептеу	22	(772)
30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)	201	(26.571)

Бастапқыда туынды қаржы құралдары шарттың жасалу күніне әділ құн бойынша бағаланады және кейінгі есепті күндерге әділ құны бойынша қайта бағаланады. Туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі пайда немесе зиян құрамында олардың пайда болуына қарай танылады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТпелер (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**23. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

Туынды қаржы құралдары (жалғасы)

Топта әділ құнды хеджирлеу критерийлерін қанағаттандыратын келесі хеджирлеу операциялары бар:

Операция	Хеджирленетін нысан	Хеджирленетін тәуекел	Хеджирлеу құралы
Тауарды белгіленген бағамен сатып алу/сату	Негізгі операциялық қор (НОҚ) - шикі мұнайды, шикізатты, дизель жағар майын, бензинді және реактивті қозғалтқыштарды білдіреді. Операциялық қордың бағасы НОҚ-тан (негізгі операциялық қор) жоғары немесе төмен	Тауарлық баға тәуекелі	Своп, фьючерстер, опционды сатып алу/колл
Ақша бабымен байланысты валюталық тәуекел	Топтың функционалдық валютасында көрсетілмеген ақшалай бап	Шетел валютасы бағамының өзгеруі	Своп, валюта форвард
Қатты міндеттемемен байланысты валюталық тәуекел	Топтың функционалдық валютасында көрсетілмеген қатты міндеттеме	Шетел валютасы бағамының өзгеруі	Своп, валюта форвард
Белгіленген пайыздық мөлшерлемелермен байланысты әділ құн тәуекелі	Дебиторлық берешек немесе белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша міндеттеме	Әділ құнның пайыздық тәуекелі	Своп

Топта ақша ағындарын хеджирлеу критерийлерін қанағаттандыратын келесі хеджирлеу операциялары бар:

Операция	Хеджирленетін нысан	Хеджирленетін тәуекел	Хеджирлеу құралы
Тауарды болжамды сатып алу / сату	МӨЗ болжамды маржа себеті және Dated Brent болжамды дифференциалы	Тауарлық баға тәуекелі	Своп, Фьючерс, Сатып алынған пут/колл
EUA сертификаттары	EUA сертификаттарын болжамды сатып алу	EUA сертификаттарының баға тәуекелі	Фьючерс

24. ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН БАСҚА ДА САЛЫҚТАР

	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
<i>Миллион теңгемен</i>		
ҚҚС	40.422	49.969
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	29.508	35.277
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	27.578	38.445
Жеке табыс салығы	7.542	7.991
Әлеуметтік салық	5.814	7.085
Акциз	2.139	2.175
Резидент емес үшін төлем көзінен ұсталатын салық	1.621	1.875
Басқалары	5.362	5.660
	119.986	148.477

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТпелер (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ****Байланысты тараптармен операциялардың талаптары**

Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық мөлшерлемелеріне міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, ал есеп айырысулар ақша қаражатымен жасалады. Топ байланысты тараптардан болған берешек бойынша күтілетін несиелік зиян резервтерін таниды.

Есеп айырысулар бойынша қалдықтар

Келесі кестеде 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысқан тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	жағдай бойынша	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптарға берешек	Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	104.887 38.476	2.430 168.368	440.530 413.691
Қауымдасқан компаниялар	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	27.781 16.348	2.062 3.431	— —
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	5.304 72.003	615 666	105.117 121.177
Бірлескен кәсіпорындар	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	163.520 167.284	214.665 187.172	— —

Байланысты тараптардың/тараптарға берешегі*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания Самұрық-Қазынаның «Бутадиен» ЖШС бірлескен кәсіпорнындағы қатысу үлесінің 8.621 миллион теңге баланстық құны бар 25%-ын (17-ескертпе) 8.531 миллион теңгеге сатты. Нәтижесінде Компания «Бутадиен» ЖШС-не бақылаудан айырылды.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Опционды орындағаны үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек 364 миллион долларға (баламасы 163.770 миллион теңге) толық өтелді (4 және 23-ескертпелер).

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын 16,75% сыйақы мөлшерлемесімен 270.047 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды, сондай-ақ 2022 және 2023 жылдары Компания 335.047 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарды эмитент кері сатып алды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТпелер (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)****Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек***Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2023 жылғы сәуірде Самұрық-Қазына Компания орналастырған облигацияларды 50.000 миллион теңгеге сатып алды. Облигациялардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы 22.145 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен Операциялар ретінде танылды (20-ескертіле).

Мәмілелер бойынша айналымдар

Келесі кестеде байланысты тараптармен 2023 және 2022 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде жасалған мәмілелер бойынша жалпы сомалар келтірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде	Байланысты тараптарға сату	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптардан түскен сыйақы	Байланысты тараптарға берілген сыйақы
	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	103.017	16.600	1.394	21.323
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)	4.812	5.356	25.209	800
	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	5.998	39.492	101	–
Қауымдасқан компаниялар	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)	12.414	17.341	122	–
	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	5	11.199	4.115	6.685
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)	7.782	9.224	158	8.049
Бірлескен кәсіпорындар	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)	218.360	885.301	8.930	–
	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)	101.901	1.153.273	5.492	3

Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда байланысты тараптарға сату негізінен «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның 71.173 миллион теңге сомасына мұнай өнімдерін сатумен ұсынылды.

Бірлескен кәсіпорындар

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда бірлескен кәсіпорындардан сатып алу, негізінен, «Теңізшевройл» ЖШС-тен 850.286 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 1.122.756 миллион теңге) сомасына шикі мұнайды сатып алумен байланысты болды.

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2023 және 2022 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айда жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 2.872 миллион теңгені және 3.204 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТпелер (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)

Дивидендтер

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде, Акционерлердің шешіміне сәйкес, 300.002 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 491,71 теңге мөлшерінде 2022 жыл үшін дивидендтерді есептеп, төледі (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде: 2021 жыл үшін 199.997 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 327,80 теңге мөлшерінде дивидендтерді есептеп, төледі).

Басқа да операциялар

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда ҚР Президентінің 2023 жылғы 9 наурыздағы Батыс Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапарының шеңберінде Спорт кешенін салу мәселесі жөніндегі тапсырмасына сәйкес Компания Спорт кешенін салу бойынша 17.925 миллион теңге мөлшерінде міндеттеме есептеді (22-ескертпе) және оны капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есепте көрсетті. Компания 8.962 миллион теңге мөлшерінде алдын ала төлем жасады.

Самұрық-Қазынаның бөлуі

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ Үкіметтің Жаңаөзен қаласында медициналық орталық салу және Жаңаөзен қаласының тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі қаулысына сәйкес 9.690 миллион теңге сомасында міндеттемелерді есептеді және оны капиталдағы Самұрық-Қазынаны бөлу ретінде көрсетті.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)
(жалғасы)****26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ****Қаржы құралдарының әділ құны**

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнымен салыстыруға болады:

Миллион теңгемен	2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)			2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)						
	Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны 1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны 1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар	28.225	28.406	-	-	28.406	29.254	29.242	-	-	29.242
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	19.965	15.103	-	15.103	-	19.595	20.138	-	20.138	-
ҚР ҰБ ноттары	5.005	5.005	-	5.005	-	70.192	70.192	-	70.192	-
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	3.282.265	2.895.966	2.271.845	624.121	-	3.584.422	3.156.446	2.476.894	679.552	-
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	694.291	694.291	-	694.291	-	558.912	558.912	-	558.912	-

Самұрық-Қазынадан алынған облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілген барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	Диапазоны	
			2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	5,90%-19,20%	6,40-18,90%

27. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген шарттық және шартты міндеттемелерге қосымша 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде мынадай өзгерістер болды:

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚРБҚДА) Павлодар облысы бойынша департаменті қозғаған «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (бұдан әрі - ПМХЗ) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2022 жылы Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама саласындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды. 2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады.

2023 жылғы 9 маусымда Павлодар қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты ПМХЗ қатысты әкімшілік іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарды. 2023 жылғы 30 маусымда Әкімшілік іс жүргізуді тоқтату және хаттаманың күшін жою туралы қаулы заңды күшіне енді. Тиісінше, 2023 жылғы маусымда ПМХЗ 28.187 миллион теңге мөлшерінде резервті қалпына келтірді және басқа операциялық кірістер құрамында таныды. (22-ескертпе).

АМӨЗ-дің «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС-тегі (бұдан әрі - СМГСП) қатысу үлесі

2020 жылы АМӨЗ үшінші тарап «Joint Technologies» ЖШС-не (бұдан әрі - JT), ПХСНГ, бірлескен кәсіпорнының жарғылық капиталындағы үлесінің 50%-ын сатты. Осы мәміле нәтижесінде Топ ПХСНГ-ны бірлескен бақылаудан айырылды.

Алайда, 2023 жылғы 3 мамырда Атырау облысының Әкімшілік істер жөніндегі мамандандырылған соты ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің талап арызын қанағаттандыра отырып, JT-дегі ПХСНГ үлесінің 50%-ын мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықтың күшін жойды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Топ 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Қауымдасқан кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХҚЕС-ке сәйкес ПХСНГ-ге бірлескен бақылауға алмағанын анықтады, өйткені JT апелляциялық процесте болып отыр және сот шешімі түпкілікті емес. Тиісінше, осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топ «Қауымдасқан кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХҚЕС-ке немесе «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» 10 ХҚЕС-ке сәйкес ПХСНГ-дағы инвестицияларды мойындамады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

27. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Өтелетін шығындарды тексеру

Қашағанның 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі – ӨБК) 16,88% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-тің өзгерістермен және толықтырулармен бірге 1997 жылғы 27 қаңтардағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы соңғы келісімде (бұдан әрі – ӨБСК) 10% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

ӨБК және ӨБСК негізгі қағидаттарына сәйкес ҚР аталған келісімдерге қатысушыларға (бұдан әрі – Мердігерлер) жер қойнауын пайдалану аумағында қызметті жүргізуге айрықша құқық берді, бірақ бұл аумаққа құқықты меншікке де, жалға да бермеді. Осының салдарынан, шығарылған және қайта өңделген өнімнің (яғни дайын өнімнің) барлық көлемдері ҚР-дың меншігі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстар белгілі бір шығыстарды өтеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚР Мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша Мердігерлерге өз шығындарын өтеуге (бұдан әрі - Өтелетін шығындар) және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК және ӨБСК шығыстарды өтеу тәртібін көздейді және Өтелетін шығындар болып табылмайтын шығыстардың тізбесін айқындайды.

«PSA» ЖШС ӨБК және ӨБСК шеңберінде ҚР атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге уәкілетті ұйым бола отырып (бұдан әрі – Өкілетті орган) Өтелетін шығындарға ревизия жүргізеді.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың ӨБК мен ӨБСК Өтелетін шығындарға ревизияларды жүргізу нәтижелері бойынша шағымдардың жалпы сомасындағы үлесі 2.595 миллион АҚШ доллары болды (есепті күнге баламасы 1.174.053 миллион теңге) (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 2.595 миллион АҚШ доллары, баламасы 1.200.386 миллион теңге).

ҚР мен Мердігерлердің ӨБК және ӨБСК сәйкес (Қашаған мен «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-нен басқа) ӨБК және ӨБСК-нің белгілі бір ережелерін қолдануға қатысты бірқатар даулар бар, олар ӨБК және ӨБСК сәйкес төрелік және сараптамалық реттеуіне жатады. Мердігерлер олар ӨБК және ӨБСК, ҚР заңнамасына және қолданылатын стандарттар мен алдыңғы қатарлы практикаға сәйкес әрекет етеді деп санайды. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚР мен Мердігерлер өз төрешілерін тағайындады.

Экологиялық тексерулер

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Экология департаменті (бұдан әрі – Экология департаменті) Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. жер үсті объектілеріне (бұдан әрі - Оператор) тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша Операторға құқық бұзушылықтарды, оның ішінде күкіртті орналастыруға қатысты бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Оператор тексеру нәтижелерімен келіспеді және аталған ұйғарымға дау айту туралы әкімшілік талап арыз берді. 2023 жылғы 14 маусымда Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты күкіртті орналастыруға қатысты Оператордың пайдасына шешім шығарды.

Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**27. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Ішкі нарыққа арналған жеткізілімдер бойынша міндеттемелер (жалғасы)**

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда өз міндеттемелеріне сәйкес Топ, оның бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жеткізуіндегі үлесін қоса алғанда, ішкі нарыққа 3.844 мың тонна шикі мұнайды (2022 жыл: 7.951 мың тонна) жеткізді.

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
Жыл		
2023	209.035	39.432
2024	252.468	13.628
2025	339.240	13.390
2026	275.866	13.088
2027-2049	288.308	46.398
Жиыны	1.364.917	125.936

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
Жыл		
2023	314.158	80.598
2024	223.085	14.328
2025	306.900	14.803
2026	339.652	14.927
2027-2049	230.333	31.573
Жиыны	1.414.128	156.229

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қашағанның мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 5,0 миллион тонна болды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 6,6 миллион тонна).

Басқа да келісімшарттық міндеттемелер

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 215.936 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: ҚҚС сомасын ескерместен 240.794 миллион теңге) болатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 128.422 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 152.824 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****28. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК**

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі үш операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 5-ескертпесінде көрсетілген.

2023 жылғы және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын үшінші тараптарға сату мен қызметтерді білдіреді:

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)						
<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	422.327	–	1.678.322	–	–	2.100.649
Мұнай өнімдерін сату	2.405	–	999.456	427.267	5.612	1.434.740
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	129.879	–	–	129.879
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	103.552	882	1.822	92	106.348
Басқа да кірістер	7.793	24.412	64.513	822	73.496	171.036
Жиыны	432.525	127.964	2.873.052	429.911	79.200	3.942.652

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)						
<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	432.361	–	2.389.015	–	–	2.821.376
Мұнай өнімдерін сату	2.038	–	1.135.412	356.206	5.237	1.498.893
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	107.389	–	–	107.389
Мұнайды тасымалдау қызметтері	(180)	83.605	723	31	95	84.274
Басқа да кірістер	6.242	19.806	51.581	822	52.012	130.463
Жиыны	440.461	103.411	3.684.120	357.059	57.344	4.642.395

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**28. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)**

ЕВІТДА көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

ЕВІТДА жалпы ЕВІТДА-ға қатысты белгілі бір сегменттің ЕВІТДА-сы ретінде айқындалады.

Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары келесі елдерде орналасқан:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)
Қазақстан	6.236.071	6.316.404
Басқа елдер	559.118	673.433
	6.795.189	6.989.837

Төмендегі кестелерде көрсетілген түзетулер мен элиминирлеу топшілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

28. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2023 жылғы 30 маусымдағы активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шікі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер мен элиминациялар	Жыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	432.525	127.964	2.873.052	429.911	79.200	–	3.942.652
Басқа сегменттерге сатудан түсім	664.189	95.592	93.894	37.053	62.404	(953.132)	–
Түсім жиыны	1.096.714	223.556	2.966.946	466.964	141.604	(953.132)	3.942.652
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(21.516)	(8.696)	(2.496.722)	(295.552)	(15.882)	676.106	(2.162.262)
Өндірістік шығыстар	(261.835)	(135.602)	(197.556)	(105.804)	(111.881)	222.392	(590.286)
Табыс салығынан басқа салықтар	(199.712)	(9.413)	(7.668)	(60.728)	(4.750)	–	(282.271)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(96.318)	(3.182)	(44.949)	(5.786)	(15)	30.727	(119.523)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(17.960)	(6.954)	(25.584)	(14.065)	(10.285)	2.761	(72.087)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	296.842	56.842	34.171	–	11.864	–	399.719
EBITDA	796.215	116.551	228.638	(14.971)	10.655	(21.146)	1.115.942
EBITDA, %	71%	10%	20%	(1%)	1%	(1%)	
Тозу, тауысылу және амортизация	(201.542)	(19.819)	(67.992)	(1.802)	(4.739)	–	(295.894)
Қаржылық кіріс	5.624	5.037	21.211	60.031	7.359	(24.214)	75.048
Қаржылық шығындар	(12.101)	(4.316)	(54.762)	(96.254)	(2.843)	13.776	(156.500)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру	(40.314)	(553)	(98.655)	–	247	–	(139.275)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(109.484)	(9.470)	(16.056)	(21.715)	(470)	–	(157.195)
Кезеңдегі пайда / (зиян)	358.111	27.516	66.681	68.139	12.774	(41.677)	491.544
Басқа да сегменттік ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.259.802	567.340	114.834	–	90.585	–	5.032.561
Күрделі шығындар	152.663	77.256	30.373	34.352	6.851	–	301.495
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(5.157)	(11.002)	(53.852)	(29.153)	(9.055)	–	(108.219)
Сегмент активтері	11.581.071	1.421.538	3.000.513	1.268.443	401.244	(1.246.287)	16.426.522
Сегмент міндеттемелері	1.467.901	332.921	1.864.107	4.387.395	118.302	(1.662.089)	6.508.537

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)**28. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсандағы активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары	Түзетулер мен элиминациялар	Жылыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім*	440.461	103.411	3.684.120	357.059	57.344	—	4.642.395
Басқа сегменттерге сатудан түсім*	747.641	67.896	77.688	45.690	45.942	(984.857)	—
Түсімдердің жиыны*	1.188.102	171.307	3.761.808	402.749	103.286	(984.857)	4.642.395
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны*	(14.700)	(7.996)	(3.328.167)	(189.475)	(13.850)	736.230	(2.817.958)
Өндірістік шығыстар*	(209.038)	(91.280)	(187.902)	(93.452)	(94.492)	183.416	(492.748)
Табыс салығынан басқа салықтар*	(259.614)	(8.175)	(7.191)	(39.207)	(4.473)	—	(318.660)
Тасымалдау және өткізу шығыстары*	(82.020)	(9.309)	(34.249)	(4.588)	—	31.964	(98.212)
Жалпы және әкімшілік шығыстар*	(16.855)	(6.658)	(22.028)	(11.991)	(11.717)	1.156	(68.093)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто*	455.567	73.978	10.146	—	6.554	—	546.245
EBITDA*	1.061.442	121.867	192.417	64.036	(14.692)	(32.101)	1.392.969
EBITDA, %*	67%	12%	19%	6%	(1%)	(3%)	
Тозу, тауысылу және амортизация*	(162.326)	(22.260)	(69.949)	(1.559)	(4.281)	—	(260.375)
Қаржылық кіріс*	39.336	1.158	6.341	70.761	5.117	(68.425)	54.288
Қаржылық шығындар*	(13.326)	(3.701)	(72.414)	(112.882)	(2.499)	48.723	(156.099)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау шығыстарының құныздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы)*	18	(20)	3	—	629	—	630
Пайда салығы бойынша шығыстар*	(195.852)	(14.079)	9.626	(10.574)	(792)	—	(211.671)
Кезеңдегі пайда/(зиян)*	667.240	22.018	(67.893)	211.695	(18.244)	(49.618)	775.198
Басқа да сегменттік ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.179.880	582.862	102.569	—	82.092	—	4.947.403
Бүрделі шығындар	111.765	33.925	33.028	2.986	9.259	—	190.963
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құныздану резерві	(6.197)	(10.966)	(47.786)	(28.912)	(9.066)	—	(102.927)
Сегмент активтері	11.637.703	1.373.621	2.998.805	1.445.989	386.151	(1.191.506)	16.650.763
Сегмент міндеттемелері	1.427.150	311.632	1.976.159	4.584.712	120.799	(1.643.139)	6.777.313

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 4-ескертемеде келтірілген.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

29. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Алынған дивидендтер

2023 жылдың шілде және тамыз айларында Топ «KMG Automation» ЖШС, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС және «Қазгермұнай» ЖШС бірлескен кәсіпорындарынан жалпы сомасы 9.298 миллион теңгеге және Каспий Құбыр Консорциумы қауымдасқан компаниясынан 14.780 миллион теңгеге дивидендтер алды.

АМӨЗ-де электр энергиясын өшіру

2023 жылғы 3 шілдеде АМӨЗ аумағында сыртқы желілер тарапынан электр энергиясының терең қонуы орын алды. Нәтижесінде, ЭЛОУ-АТ-2 қондырғысын қоспағанда, зауыттың технологиялық қондырғылары апатты түрде тоқтатылды, зауытты электрмен жабдықтау толығымен тоқтатылды. Салдарды болдырмау үшін технологиялық регламентке және аварияны жою жоспарына сәйкес қондырғылардағы артық қысым алау қондырғыларына жіберілді. Құрбандар мен зардап шеккендер жоқ.

2023 жылғы 6 шілдеде зауыттың барлық технологиялық қондырғылары штаттық жұмыс режиміне шығарылды, электр энергиясын отырғызудың салдарынан жабдықты тазарту бойынша іс-шаралар өткізілгеннен кейін баяу қокстеу қондырғысы 2023 жылғы 11 шілдеде пайдалануға берілді.

Топ басшылығы электр қуатын өшірудің АМӨЗ-ге, Топ қызметіне әсерін бағалады және оның әсері маңызды емес екенін анықтады.